

СИЛЛАБУС

Күзгі семестр 2024-2025 оқу жылы күзгі семестр Әлеуметтік-саясаттану модулі (Әлеуметтану)

6B05306 Физика және астрономия, күндізгі, 1 Курс (Күзгі)

6B05305 Физика және нанотехнология, күндізгі 1 Курс (Күзгі)

6B07501 Стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша) күндізгі, 1 Курс

6B05304 Физика күндізгі, 1 Курс (Күзгі) 6B06201 Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар күндізгі, 1 Курс (Күзгі)

6B07109 Өндірістік электроника және басқару жүйелері күндізгі, 1 Курс (Күзгі)

6B05307 Ядролық физика, 1 Курс (Күзгі)

6B05310 Ядролық медицина, күндізгі, 1 Курс (Күзгі)

6B07114 Ядролық инженерия, күндізгі, 1 Курс (Күзгі)

6B05303 Техникалық физика күндізгі, 1 Курс (Күзгі)

6B07115 Қолданбалы физика және электр инженериясы 1 Курс (Күзгі)

6B07105 Материалтану және жаңа материалдар технологиясы 1 Курс (Күзгі)

6B07116 Энергетикалық жүйелер және жаңартылатын энергетика 1 Курс (Күзгі)

6B07107 Электр энергетикасы 1 Курс (Күзгі)

6B07112 Жылу энергетикасы 1 Курс (Күзгі)

6B05302 Киберфизика 1 Курс (Күзгі)

мамандықтары бойынша Білім беру бағдарламасы бойынша

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредит -тердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігі мен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (ПС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
88483, Әлеуметтік-саясаттану білім модулі Әлеуметтану	5	15	5	-	2	5

ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ

Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы
Оффлайн	БП, жоғары оқу орнының компоненті	Мәселелі, тәжірибелік-бағытталған; дәрістер-консультациялар	Семинардың аралас формасы (тесттер, талдаулық жұмыстар, жобалар)	Емтихан Тест формасында
Дәріскер (лер)	Мамытканов Д.К.			
e-mail:	darchan777@mail.ru			
Телефоны:	+77772710525			
Ассистент (тер)				
e-mail:				
Телефоны:				

Курстың академиялық презентациясы

Пәннің мақсаты	*Оқытудың күтілетін нәтижелері (ОН) Пәнді оқыту нәтижесінде білім алушы қабілетті болады:	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ) (әрбір ОН-ге кемінде 2 индикатор)
Курстың мақсаты: Студенттерде қоғамдағы	ОНІ қоғам мен оның шағын жүйелерін зерттеуге арналған негізгі әлеуметтанулық теориялар мен тәсілдерді меңгеруге;	1.1. оқу пәндерін құрастыратын барлық ғылым салаларында () пәндік білімді (ұғымдар, идеялар, теориялар) түсіндіруге және интерпретациялауға;

<p>әлеуметтік мәселелерде зерттеуде толық әлеуметтанулық ғылыми негіздерді, әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымды қалыптастыру.</p>		1.2. оқып жатқан пәндердегі теориялар мазмұны мен ғылыми салалардағы идеялар негізінде әлеуметтік қарым-қатынастың әртүрлі аясындағы оқиғалардың табиғатын түсіндіруге
	ОН 2. қазіргі қоғамның және оның әлеуметтік институттарының жұмыс істеуінің негізгі принциптері туралы идеяларды түсінуге	2.1. әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттардың ерекшеліктерін олардың қазақстандық қоғамды модернизациялаудағы рөлі контекстінде талдауға; 2.2. қазақ қоғамының, саяси бағдарламалардың, мәдениеттің, тілдің, әлеуметтік және тұлғааралық қатынастардың әртүрлі даму кезеңдері туралы ақпаратты аргументті және дәлелді түрде ұсынуға
	ОН 3. заманауи қоғамның әлеуметтік мәселелерін сипаттау және талдау дағдыларын дамыту, әлеуметтік процестер мен механизмдердің мәнін өзара байланысын қалыптастыруға	3.1. -қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы түрлі жағдайларды қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларымен, құндылықтар жүйесімен сәйкестігі тарапынан талдауға; 3.2. -қоғамдағы қатынастардың нақты жағдайын әлеуметтік-гуманитарлық типтегі қандай да бір ғылымның тарапынан бағалауға, мүмкін тәуекелдерді ескере отырып даму перспективасын жобалауға
	ОН 4. студенттердің әлеуметтанулық ақпарат алудың негізгі көздері мен әдістерін игеруге; әлеуметтанулық білімді кәсіптік қызметте пайдалану дағдыларын үйрену	4.1. ғылыми әдістерді және зерттеу тәсілдерін нақты оқу пәні және модуль пәндерінің өзара әрекеттестігі үрдістері контекстінде қолдануды алгоритм арқылы ұсынуға; 4.2.- нақты мәселелерді талдау үшін әдіснамалық таңдауды негіздеу және қоғамды зерттеудің әртүрлі жолдарын айыра білу
	ОН5. сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру және оны практикада қолдану мүмкіндігі.	5.1. қоғамдағы, оның ішінде кәсіби әлеуметтегі қақтығыстық жағдайларды шешу бағдарламаларын жасап шығаруға; -қарым-қатынастың әртүрлі саласында жобалық зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыруға, қоғамдық құнды білімді түрлендіруге, оны таныстыруға; 5.2. әлеуметтік мәні бар сұрақтар бойынша өз көзқарасын дұрыс жеткізуге және аргументтермен қорғауға.
Пререквизиттер	Философия	
Постреквизиттер	Қазақстан тарихы	
**Әдебиет және ресурстар	<p>Әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1 Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: Уч.пособие. – Алматы: Эверо,2020. – 584с. 2 Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы: оқу құралы. 2-басылым. – Алматы: "Қазақ университеті", 2019. – 224б. 3 Грушин Б.А. Мнения о мире и мир мнений. М.: Праксис, ВЦИОМ, 2021. 4 Социология. Основы общей теории: учебник / Под ред. Г.В. Осипов, Л.Н. Москвичев. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Норма, 2015. - 912 с. 5 Macionis J. Society: The Basics. Pearson, 2019 6 Дж. Ритцер, Дж. Степниcki. Әлеуметтану теориясы. – Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2019. – 856 бет. 	

<p>Пәннің академиялық саясаты</p>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p>Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p>Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p>Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail omsrova.asem@kaznu.kz немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы https://teams.microsoft.com/l/channel/19%3a7z-8lnwAWYoNTSSevQxFpUlqNF1ET9uPUphBWoU-RjE1%40thread.tacv2/%25D0%259E%25D0%25B1%25D1%2589%25D0%25B8%25D0%25B9?groupId=523a668c-7d85-4489-b332-28b97ac3092f&tenantId=1c990860-156b-4fd1-9ace-1800d4524ba кеңестік көмек ала алады..</p>
--	---

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ			
Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі			Бағалау әдістері
Бағалау	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға
А	4,0	95-100	Өте жақсы
А-	3,67	90-94	
В+	3,33	85-89	Жақсы

Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.

Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық

				сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
B	3,0	80-84		Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік	5
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы	25
C-	1,67	60-64		Жобалық және шығармашылық қызметі	10
D+	1,33	55-59		Қорытынды бақылау (емтихан)	40
D	1,0	50-54		ЖИЫНТЫҒЫ	100
FX	0.5	25-49	Қанағаттанарлықсыз		
F	0	0-24			

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны	Ең жоғары балл
1	Дәріс 1. Әлеуметтік әлемді түсінудегі әлеуметтану. Әлеуметтанудың ғылым ретіндегі пәні мен объектісін, міндеттері мен атқаратын қызметтерін және басқа қоғамдық ғылымдармен байланысын қарастыру	1	5
2	Дәріс Әлеуметтану ғылымының даму тарихы. Әлеуметтанудағы негізгі теорияларға шолу	1	5
3	Дәріс Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. Қоғамның әлеуметтік құрылымы және әлеуметтік стратификация	1	5
	СОӨЖ 1 «Әлеуметтану ғылым ретінде» тақырыбы бойынша бақылау, СӨЖ 1 «Қоғамның әлеуметтік құрылымы және әлеуметті институттар» тақырыбы бойынша кеңес беру..		20
4	Дәріс Тұлға әлеуметтануы. Адам. Индивид. Тұлға ұғымы. Тұлғаның әлеуметтенуі. Әлеуметтік статус және әлеуметтік роль	1	5
	Семинар сабағы. Әлеуметтану ғылымының пайда болуы мен қалыптасуын баяндау; Әлеуметтану ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдардың әлеуметтанулық ой-пікірлеріне шолу; Қоғам және қоғамның әлеуметтік құрылымы. Тұлға әлеуметтануының зерттеу аясы.	1	15
5	Дәріс. Отбасы және қазіргі заман. Отбасының тарихи типтері	1	5
	СОӨЖ 2 СӨЖ 2 «Қоғамның әлеуметтік құрылымы және әлеуметті институттар» кесте түрінде көрсетіңіз, қабылдау..		15
6	Дәріс Ауытқымалы мінез-құлық классификациясы. Девиантты мінез-құлық әлеуметтануы	1	5
	Семинар сұрақтары. Отбасы әлеуметтануы Девиантты мінез-құлық типологиясы мен классификациясының критерийлері	1	15

7	Дәріс Конфликт социологиясы	1	5
	1 Аралық бақылау		100
8	Дәріс 8. Этнос және ұлт әлеуметтануы. Ұлттық бірегейлік ұғымы. Мәдениет	1	5
	8. Семинар сабағы. Конфликт әлеуметтануы	1	10
9	Дәріс9. Экономика, жаһандану және еңбек	1	5
	3.СОӨЖ. 3 СӨЖ қабылдау және кеңес беру. Этномәдениет қалыптасу факторлары		10
10	Дәріс 10. Мәдениет әлеуметтануы.	1	5
	10.Семинар сұрақтары. Экономикалық әлеуметтанудың зерттеу пәні. Көші-қонның әлеуметтік-экономикалық аспектілері Дін әлеуметтануы. Мәдениет әлеуметтануы. Этнос, халық, ұлт, этникалық бірегейлік, ұлттық бірегейлік ұғымдарының арақатынасын талдау. Қоғамдағы этникалық топтар: әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесін салыстыру. Білім берудің әлеуметтік институт ретінде қоғамдағы маңыздылығы	1	10
11	Дәріс Масс-медиа, технологиялар және қоғам	2	5
	4.СОӨЖ. 4СӨЖ қабылдау және кеңес беру. Этномәдениет қалыптасу факторлары		10
12	Дәріс 12. Саяси әлеуметтану	2	5
	12.Семинар сұрақтары. Билік және саяси әлеуметтену Қоғамның ақпараттық саяси жүйесі	1	10
13	Дәріс 13. Әлеуметтанулық зерттеулер: пайда болуы мен дамуы. Әлеуметтанулық зерттеудің дизайнын құрастыру Әлеуметтік зерттеулердің сандық және сапалық әдістері. Әлеуметтанулық зерттеудің бағдарламасы	1	5
	5.СОӨЖ. 5 СӨЖ қабылдау және кеңес беру. 3 «Төртінші индустриялық революция жағдайындағы қызмет көрсетудің заманауи түрлері: адамзат үшін мүмкіндіктері мен қауіптері»		10
14	Дәріс 14 Білім беру әлеуметтануы Дін және білім әлеуметтануы.	1	5
15	Дәріс 15. Әлеуметтік өзгерістер және қоғамдық қозғалыстар: жаңа әлеуметтанулық пікір-таластар	1	5
	Аралық бақылау 2		100

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

(стандартты ауызша / жазбаша нысандар үшін)

Пән: 2 Форма: жазбаша. Платформа:

№	Балл Критерийі	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1 сұрақ	1 критерийі Қазіргі макросоциологиялық және микросоциологиялық парадигмаларды білу және түсіну	Жауапта сұрақтың жан-жақты ашылуы, әрбір қорытынды мен	Жауапта мәселенің толық, бірақ толық емес қамтылуы, негізгі ережелердің қысқартылған	Жауапта билетте ұсынылған сұрақтар толық қамтылмаған, негізгі ойларды	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер,	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу; қорытынды бақылау жүргізу

		мәлімдеменің егжей-тегжейлі дәлелі бар және логикалық және дәйекті түрде құрастырылған.	дәлелі бар және материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік береді.	үстірт дәлелдеп, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол беріледі.	дұрыс емес қорытындыны болжау.	ережелерін бұзу.
	2 критерийі Пәннің теориялық мазмұнын меңгеру және «Әлеуметтік жұмыстағы зерттеу тәжірибесі 2» пәнінің терминологиялық аппаратын дұрыс пайдалану.	Теориялық мазмұны олқылықсыз толық, жүйелі, терең меңгеріледі. Студент сұрақтарға жауап беру кезінде пән терминдерін жақсы меңгергенін және оларды дұрыс пайдаланатынын көрсетті.	Теориялық мазмұны олқылықтарсыз жалпы игерілді. Студент пәннің негізгі терминдерін жақсы меңгергенін және сұрақтарға жауап беру кезінде оларды дұрыс қолдануын көрсетті.	Теориялық мазмұн басым бөлігі игерілді, бірақ олқылықтар айтарлықтай емес. Студент пәннің негізгі терминдері бойынша білімдерін көрсетті. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбау бар.	Теориялық мазмұны жартылай игерілді. Студент пәннің негізгі терминдері бойынша білімдерін көрсетті. Олар сұрақтарға жауап беру кезінде қате қолданылған.	Теориялық мазмұны игерілмеген. Студент пәннің негізгі шарттарын білмегендігін көрсетті. Сұрақтарға жауап беруде оларды қолдануда өрескел қателіктер жіберілді
	3 критерийі Курс теориясын және таңдалған әдістеме мен технологияны заманауи әлеуметтану мәселелері бойынша нақты практикалық тапсырмаларға қолдануды біріктіру қабілеті	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын жартылай орындау, курстың практикалық мәселелерін толық емес шешумен қойылған сұраққа толық емес, кейде дәлелді жауап беру; курста ғылыми тілдік нормаларды сауатсыз қолдану.	Материал үзінділермен берілген, логикалық жүйелілік бұзылған, фактілік және мағыналық қателіктер жіберілген, курс бойынша теориялық білім үстірт пайдаланылады.	Тапсырманы шешудің қисынсыз әдісі немесе жеткіліксіз ойластырылған жауап жоспары; мәселелерді шешу, жалпы тапсырмаларды орындау қабілетсіздігі; нормадан асатын қателер мен олқылықтарға жол беру.	Есептерді шешу үшін білім мен алгоритмдерді қолдану; қорытындылар мен жалпылаулар жасай алмау. Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
2 сұрақ	1 критерийі Алған білім мен дағды негізінде тәжірибеге	Студент алған білімін іс жүзінде қолдануды көрсетті.	білімдерін іс жүзінде қолдануды көрсетті. Тәжірибеге	Студент алған білімін іс жүзінде қолдануды көрсетті.	Студент білімін практикада қолданудың төмен деңгейін көрсетті.	Студент алған білімін іс жүзінде қолдануды көрсетпеді.

бағытталған тапсырманы орындау	Тәжірибелік-бағдарлы тапсырма мүлтіксіз орындалды: тапсырманың сұрағына жауап дұрыс берілді, оны шешу барысын түсіндіру егжей-тегжейлі, жүйелі, сауатты, теориялық негіздемесі бар.	бағытталған тапсырма кейбір дәлсіздіктермен орындалды: тапсырманың сұрағына жауап дұрыс берілді, оның шешілу барысы егжей-тегжейлі түсіндірілді, бірақ жеткілікті логикалық емес, бөлшектерде оқшауланған қателермен, теориялық жұмыста кейбір қиындықтармен аяқталды.	Тәжірибеге бағытталған тапсырма кейбір дәлсіздіктермен орындалды: тапсырманың сұрағына жауап дұрыс берілді, оның шешілу барысы егжей-тегжейлі түсіндірілді, бірақ жеткілікті логикалық емес, бөлшектерде оқшауланған қателермен, теориялық жұмыста кейбір қиындықтармен аяқталды. негіздеу	Практикаға бағытталған тапсырма толық орындалмады: тапсырманың сұрағына жауап дұрыс берілген, оның шешілу барысы түсіндірмесі жеткіліксіз толық, сәйкес келмейтін, қателіктермен, теориялық негіздемесі әлсіз, елеулі қиындықтар мен қателермен.	Практикаға бағытталған тапсырма орындалмады: тапсырманың сұрағына жауап қате берілді, оның шешілу барысы туралы түсініктеме толық емес, сәйкес келмейтін, өрескел қателермен, теориялық негіздемесі жоқ.
2 критерийі Өлеуметтік мәселелерді ғылыми талдау дағдыларын меңгеру және тәуелсіз құндылық пайымдауларын дамыту	Игерілген материалмен жұмыс істеудің қажетті дағдылары мен практикалық дағдылары қалыптасады. Білім алушы өзінің бағалау пайымдауларын негіздеу және баяндау, өз көзқарасын дәлелдеу, қорғау қабілетін көрсетті	Игерілген материалмен жұмыс істеудің қажетті дағдылары мен практикалық дағдылары негізінен қалыптасады. Білім алушы ішінара өзінің бағалау пайымдауларын баяндау, дәлелдеу, өз көзқарасын қорғау қабілетін көрсетті	Игерілген материалмен жұмыс істеудің қажетті практикалық дағдылары негізінен қалыптасады, бірақ орындалған тапсырмалардың кейбіреулері қателіктерден тұрады. Білім алушы өз пайымдауларын айту қабілетін ішінара көрсетті, дәлелдер келтірілмеген.	Қажетті дағдылар мен жұмыс дағдылары іс жүзінде қалыптаспаған немесе олардың кейбіреулері қалыптасқан. Білім алушы өзінің бағалау пайымдауларын баяндау қабілетін көрсетті, өз көзқарасын дәлелсіз дәлелдейді	Қажетті дағдылар мен жұмыс дағдылары қалыптаспаған. Білім алушы өзінің бағалау пайымдауларын баяндау қабілетін көрсетпеді, өз көзқарасын дәлелдемейді және қорғамайды
3 критерийі Таңдалған Әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау	Ғылыми ережелер мен қолданылған әдістеме мен технологияның дәйекті, қисынды және	Тұжырымдамалық материалды қолданудағы кейбір кішігірім дәлсіздіктерге, жалпылау мен тұжырымдардағы	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес,	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары

және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау, Материалды ұсынуда тұтастай дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін минималды дәлсіздіктерге жол беріледі.	кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер бар	тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
--	---	--	--	---	---

Декан _____ Мейрбаев Б.Б.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша

Академиялық комитетінің төрағасы _____ Альчимбева А.Б.

Кафедра меңгерушісі _____ Абдирайымова Г.С.

Дәріскер _____ Мамытканов Д. Қ.